

Облыс ормандары, дала мен өзен аңғарлары аумақтарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 31 шілдедегі N 184 Павлодар облысының әділет басқармасында 2000 жылғы 28 тамызда N 419 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімінің 2003 жылғы 19 маусымдағы N 19 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімінің 2003 жылғы 19 маусымдағы N 19 шешімімен.

Облыс аумағында шөптің қалың өсуіне байланысты және кең көлемді табиғи өрттердің пайда болуына жол бермеу мақсатында, ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Облыс бойынша орман және биоресурстар жөніндегі аумақтық басқармасы (келісім бойынша), Павлодар мемлекеттік автомобиль жолдары мекемесі, "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Павлодар бөлімшесі (келісім бойынша), облыс қалалары мен аудандарының әкімдері:

1) Ресей Федерациясымен шекаралас жердегі орман алаптарының және облыс аумағы бойынша өтетін темір және автомобиль жолдарының бойындағы орман алқаптарының жыртылуын;

ормандардың санитарлық тазалығын және минералдандырылған жолақтардың жаңартылуын;

ірі азықтарды дайындауда қолданылып жүрген техниканың өртке қарсы құрал-жабдықтармен жабдыкталуын қамтамасыз етсін;

2) өрт-химиялық станциялардың, өртке қарсы техниканың табиғи өртті сөндіруге дайындығын арттырсын, өртті-байқау вышкаларында, шлагбаумдарда кезекшілігін күшейтсін.

2. Облыс бойынша орман және биоресурстар жөніндегі аумақтық басқармасы (келісім бойынша), облыс қалалары мен аудандарының әкімдері:

1) қажет болған кезде орманға, өзен аңғарларына және өрт қаупі бар учаскелерге автокөліктің кіруін шектесін немесе толық тыйым салсын; 2) қалалар мен аудандар әкімдерінің жанында және ормандар мен жануарлар дүниесін сақтау жөніндегі мекемелерде табиғи өртті сөндіруге жанар-жағар майлардың нормативтік қорын құрсын; 3) тұрғындар арасында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырсын. 3. Осы өкімнің орындалуын бақылау облыстың өртке қарсы қызмет басқармасына (С.А. Адамжанов)

ж ү к т е л с і н .

О б л ы с

ә к і м і

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК